

8. Попей-оол С.К., Шишов С.Е. Организация учебных взаимодействий на основе диалога в цифровой среде // Научные исследования и разработки. Социально-гуманитарные исследования и технологии. 2021. Т. 10. № 2. С. 3-11.
9. Смирнова Н.В. Инновационные технологии в дистанционном обучении. - М.: Издательство "МГТУ им. Н.Э. Баумана", 2019. - 128 с.
10. Столярова И.В., Полушкина Е.Ю. Цифровые технологии в профессиональном образовании. - М.: Издательство "Кнорус", 2020. - 256 с.
11. Трофимов, Е.Н. Развитие этнографического туризма в России // Этносоциум и межнациональная культура. 2015. № 3 (81). С. 9-17.
12. Тулина О.В. Дистанционное обучение: преимущества, недостатки, тенденции развития. - М.: Издательство "Экзамен", 2021. - 192 с.
13. Федорова И.А., Кузнецова Е.В. Использование цифровых технологий в процессе дистанционного обучения. - М.: Издательство "Издательство СПбГУ", 2020. - 128 с.
14. Хухлаева Т.В., Алексеева Н.В. Цифровые технологии в профессиональном образовании. - М.: Издательство "Кнорус", 2019. - 224 с.
15. Чернова Е.В., Леонтьева О.А. Цифровое образование: возможности и перспективы. - М.: Издательство "Академический проект", 2020. - 176 с.
16. Zotova A., Rabadanova R.S., Kolganov S.V., Borodina M., Basmanova A.A. FORMATION OF DIGITAL COMMUNICATION IN THE ORGANIZATIONAL AND PEDAGOGICAL ACTIVITY OF THE UNIVERSITY // Política e Gestão Educacional. 2022. Т. 26. С. e022141.
17. Rabadanova R.S., Kagosyan A.S., Karmanova Zh.A., Rabadanova Z.M., Titov V. MOTIVATIONAL SUPPORT AS A FACTOR OF FORMATION OF STUDENTS' PROFESSIONAL COMPETENCE IN THE CONDITIONS OF DIGITALIZATION OF EDUCATION // Política e Gestão Educacional. 2022. Т. 26. № S2. С. 022052.

Сведения об авторе (авторах):

Ельчанинов Д.В. – аспирант Российской международной академии туризма, г. Москва, Россия
Yelchaninov D.V. - PhD student of RMAT, Moscow, Russia

ӨОЖ 37.013.32

Г.Қ. Бельгибаева¹, А.А. Толетаева²

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІК

Мақалада кәсіби бағдар беру жұмысын цифрлық трансформациялаудағы педагогтің киберкәсіби құзиреттілігінің маңыздылығы қарастырылады. Мақаланың өзектілігін ашу үшін жалпы орта білім беру мекемелерінде кәсіптік бағдарлау жұмысының қолданыстағы жүйесінің жұмыс істеуіне көп факторлы талдау жүргізілді. Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша жоғары сынып оқушыларын кәсіби бағдарлаудың дәстүрлі құралдарының цифрлық құралдарға қарағанда едәуір басым болуы байқалады.

Түйін сөздер: кәсіби бағдар беру, цифрлық құзиреттілік, сауалнама, қолданыстағы жүйе, қоғамдағы басымдық, педагогтің киберкәсіби құзиреттілігі.

Г.Қ. Бельгибаева¹, А.А. Толетаева²

^{1,2}Қарагандинский университет им. Е.А. Букетова (Қараганда, Казахстан)
 (Қараганда, Казахстан)

ЦИФРОВАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

В статье рассматривается значение киберпрофессиональной компетентности педагога в условиях цифровой трансформации профориентационной работы. В целях выявления актуальности статьи был проведен многофакторный анализ функционирования действующей системы профориентации в общеобразовательных средних учебных заведениях. По результатам проведенного опроса отмечается, что традиционные инструменты профессиональной ориентации старшеклассников превалируют над цифровыми.

Ключевые слова: профессиональная направленность, цифровая компетентность, опрос, существующая система, приоритет в обществе, киберпрофессиональная компетентность педагога.

G.K. Belgibayeva¹, A.A. Toletaeva²

^{1,2}Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Republic of Kazakhstan

DIGITAL COMPETENCE IN VOCATIONAL EDUCATION


The article discusses the importance of a teacher's cyber-professional competence in the context of the digital transformation of career guidance work. In order to identify the relevance of the article, a multivariate analysis of the functioning of the current career guidance system in general education secondary schools was carried out. According to the results of the survey, it is noted that traditional tools for vocational guidance of high school students prevail over digital ones.

Keywords: professional orientation, digital competence, survey, existing system, priority in society, teacher's cyber-professional competence.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында “Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс” деп, қазіргі білім беру кеңістігінде мектеп түлектерін мамандыққа бейімдеу міндетін ерекше атап өткен [1, 3]. Бұл болашақ мектеп түлектерінен болашақ қызметінің мақсаттарын өзі қоя білуі, оған жетудің жолдары мен құралдарын анықтап, және оны жүзеге асыра отырып, нәтижеге жетудегі жауапкершілікті де өз мойнына алу секілді бірталай міндеттерді талап етеді. Мектеп түлегі болашақ қызметін таңдауда өзі таңдаған саланың қызметін білуі, оны құруға, өзгертуге және дамытуға қабілетті болуы тиіс. Алайда, бұл міндетті жүзеге асыру барысында жоғары технологиялық қызмет салаларында жұмыс істеу үшін кадрлар даярлау саласындағы мемлекеттік саясатты бағдарлау жалпы орта білім беру мекемелерінің оқушыларымен кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыруға жаңа талаптар қояды. Кәсіптік бағдар беру және кәсіби өзін-өзі анықтау бойынша көбірек зерттеулер бұрын қарастырылған ережелерді әдістемелік және технологиялық жүзеге асырудың теориясы мен тәжірибесіне арналған [4, 9]. Қазіргі уақытта «мамандық таңдаудың» барлық процесін технологияландыру мәселелері ерекше орын алады, сәйкесінше кәсіптік бағдар берудің және технологиялық деңгейде кәсіби өзін-өзі анықтаудың негіздерін ашатын жұмыстар қызығушылық тудырады. Оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстары ерте жастан басталуы тиіс.

Жыл сайын жаңа мамандықтар пайда болатын жағдайларда, бүкіл оқу процесі желілік қызметтерді, онлайн оқытуды, автоматтандырылған басқару және оқыту жүйелерін, әлеуметтік желілер мен желіні белсенді түрде қолдану тиімді боп саналады. Жоғары сынып оқушыларының мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысына қанағаттанбауы негізінен мұғалімдер немесе педагог-психологтардан жаңа кәсіптер, IT-индустрия және STEM, STEAM, STREAM-кәсіптеріне қойылатын талаптар туралы жалпы орта білім беру мекемелерінің түлектері арасында бүгінгі таңда ең көп сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат алу мүмкіндігінің жоқтығынан туындайды [2, 9]. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушылары қолдау көрсетуге мұқтаж қажетті ақпаратты іздеуде неғұрлым пайдалы және тиімді сайттар, порталдар туралы хабарсыздығынан болып саналады.

Жоғары сынып оқушыларының мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысына қанағаттанудың төмен индексінің дәлелі-бұл жұмыста кәсіптік бағдарлаудың әртүрлі құралдарын қолдануға қатысты сауалнаманың нәтижелері. Сурет №1



Сурет 1. Кәсіптік бағдарлаудың әртүрлі құралдарын қолдануға қатысты сауалнама нәтижелері

Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша жоғары сынып оқушыларын кәсіптік бағдарлы қолдаудың ең көп таралған түрі-кәсіптік білім беру. Мұны респонденттердің 98% көрсетті. Одан әрі: өңірлік кәсіпорындарға экскурсиялар- 35,8 %; жоғары технологиялық жабдығы бар зауыт цехтарына бару - 13,6 %; онлайн-диагностикалық әдістемелер.

Еңбек ету әрекетінде білім мен ептілікті игеру үшін кәсіптік білімнің маңызы зор. Кәсіби білім белгілі бір кәсіп аясында біліктілік қызметіне қажетті жүйелік білік, дағдыларды игеру процесі ортаға сай мінез құлық ережелері мен нормаларды сақтауды қарастырады. Оқушылардың мамандық таңдау себептерін алғашқы болып зерттеген Н.И. Кареев білім алушылардың болашақ мамандықтары туралы түсініктері төмен және мамандығын өзге адамдардың ықпалымен тандайды деген тұжырым жасаған, ал Н.А. Рыбников болса оқушыға мамандық таңдау барысында жасы, тұрмыс жағдайы, ата-анасының мамандықтары әсер ететіндігін айтқан [5, 78].

Халқымыздың біртуар азаматы Ыбырай Алтынсарин еңбекке үйретіп, кәсіптік бағдар беруде ұл балаларды ағаштан түйін түйіп, құралдар жасауға үйретсе, қыз балаларды арнайы бөлмеде жүн түтіп, тоқыма тоқу, тігін тігу сияқты жұмыстарға дайындаған. Ұлы ұстаз өмірден өткен соң, оның үйі халықтық мектеп үйін басқаруға арналған инспекторлық үйіне айналған. Қай кезеңде де кәсіби бағдар берудің ерекшелігі еңбекке, шебер кәсіп иесі болуға бағыттау екенін ұлы ұстаздың өмірінен-ақ көруге болады.

Осы тұлғалардың ұстанымдары мен зерттеулерін басты нысанға ала отырып, жас ұрпаққа кәсіп таңдауда қазіргі таңда қандай мамандықтың сұраныста екенін, таңдаған мамандықтың қыр сыры, ол мамандық бойынша керек құзіреттіліктер туралы оқушылармен сұхбаттаса отырып, кеңес беремін. Сұхбат - менің іс тәжірибемдегі маңызды деталь. Баланың жалпы дамуын ғана қамтамасыз етіп қоймай, оларды жастайынан өз қабілеті мен қызығушылығына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу керек.

Адамның белгілі бір әрекетке бейімделуіне негіз болатын факторларға мыналар кіреді:

- азаматтық қасиеті;
- еңбекке қарым қатынасы;
- мамандыққа қызығуы;
- тұлғаның кәсіби бағыттылығы;
- дене, ақыл ой өрісінің дамуы;
- арнайы қабілеттер (сапалар);
- білім, дағды, тәжірибе.

Осы факторлар міндетті түрде ескерілуі керек. Мектепте оқушылардың кәсіптік деңгейін шыңдауда үйірмелердің атқаратын ролі зор. Үйірме сабақтарында көбінесе практикалық машықтандыру жаттығу, тапсырмалар арқылы оқушының мамандыққа икемділігін анықтауға болады. Мектеп лицейде шығармашылық, дарындылық қабілетін арттыру мақсатында құрылған бірнеше қоғамдық үйірмелер, бірлестіктер бар. Оқушы қабілеті мен дарынын ұштаудың негізгі алаңы болып табылатын мұндай үйірмелер оқушының мамандық таңдауынан бастап, қандай іскерлік қабілеттер керек екендігін егжей тегжейлі түсіндіріп беретін негізгі ресурс. Мектеп лицейде кәсіби бағдар беру жұмыстарын төрт бағытта ұйымдастырамын. Олар: интеллектуалдық кәсіби бағдар беру, спорттық, өзін өзі басқару, ұйымдастырушылық. Осы аталған бағыттар бойынша интеллектуалдық «Ой талқы», «Сөз жарыс» сияқты ойындарды өткіземін. Бұл ойындарда кез-келген мамандық иесі шаршы топта сөйлеудің хас шебері болу керек деген ұранды басшылыққа аламын. Бұл ойындар зерттеушілік, еске сақтау, пікір айта білу сияқты сапаларды бойда қалыптастырады. Сондай ақ, білім ордасында «Мамандық таңдау болашағыңды айқындау», «Кәсіптік бағдар беру» бұрыштарын ұйымдастыру, жоғары сынып оқушылардың кездесіп, колледж, университеттер сұхбаты: ҚарМТУ, ҚЭУ, Назарбаев университеті, Ә.Мусин атындағы Балқаш техникалық колледжі т.б., мамандық таңдау дайындығын анықтау мақсатындағы сауалнамалар, «Мамандықтар шеруі» атты сынып сағаттары, «Рухани ізгілікті педагогика мектебі» республикалық жобасы аясында өткізілген «Өзін өзі тану» апталығындағы «Мамандықты дұрыс таңда!» дебаттары кәсіби мамандыққа көзқарасты нақтылайды. Сабақ - мұғалімнің шығармашылық алаңы. Оқушыларды дамыту, қалыптастыру мақсатында жасалған кез-келген іс-әрекет олардың бойында білім мен еңбектің қалыптасуына негіз болады. Өзім жүргізетін «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» сабағымда мамандық таңдаудағы заманауи ерекшеліктер, тұлғалық даму, өзіңнің қабілетіңді ашатын бес қасиет секілді тренингтер арқылы кәсіби бағдар бере отырып, мамандықтарды таңдай отырып, өзіңнің қаржылық сауаттылығыңды қалай арттыруға болады? деген сұрақтарға жауап іздейміз. Нарықтық экономикада кез келген мамандықты монетизацияға айналдыруға болады. Өз біліміңді сату ұят емес. Білім мен дағды, кәсіби ерекшеліктер біздің заманның анық көрінісі деген танымдық бағыттағы пікірталасты айқындаймыз. Осы пікір

алмасу, өз ойын еркін жеткізуде оқушылардың жетістіктері мол. Кәсіби бағдар берудің өзектілігіне мына жағдаяттар себеп болады:

- Кезінде мамандық таңдауда әкемнің нұсқауымен 1 жыл жоғалттым;
- Қазіргі кезде де нақты бір мамандық таңдау жүйесі болмай тұр;
- Оқушылардың ата аналары мамандықтар бойынша ақпаратқа қанық емес;
- Оқушылар мамандықтарды таңдауда қателіктерге бой ұруда;
- Болашақта жұмыссыздық мәселесі өмірдің сапасына әсер етпеуі керек;
- Сүйген мамандығына бағдар беру, табысты еселейтін қабілет ашу;
- Кәсіби маман болуға көмектесу керек.

Қорытындылай келе, кәсіптік бағдар беру көп салалы, күрделі үрдіс. Кәсіптік бағдар беруде әр оқушының психофизиологиялық жеке қасиеттері, мамандыққа икемі, өабілеті мен мінездемесін зерттей отырып, сараптаймын.

Еліміздің жаңа экономикалық жағдайында адам өз игілігіне өзі жауапты, өскелең ұрпақтың білімі, әлеуметтік мәдениетке сәйкес болуы керек. Шет елдерде кәсіби бағдар беру бюросы дамыған. Кәсіпті таңдағанда басты құндылықтардың бірі практикалық, материалдық, қоғамда өз орнын табу, халыққа қажет болу басты нысанаға бағытталған. Ұрпақ тәрбиесі болашақ қоғам тәрбиесі. Қоғам иелерін, болашақ мамандарды жан жақты дамыған, сауатты, кәсіпке икемді, ақыл-парасаты мол, мәдениеті, ой-өрісі озық етіп тәрбиелеу - біздің қоғам алдындағы парызымыз.

Бүгінгі таңда әлемнің болашақта қандай болатынын, қандай мамандықтар сұранысқа ие болатынын, жас адам өзінің алғашқы өмірлік таңдауын - мамандық таңдауды қалай жүзеге асыруы керектігін елестету қиын. Алайда, үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде компьютер, интернет, желілер, планшеттер және құрылғылардың үлкен мүмкіндіктерін пайдалану ерекше өзектілікке ие болатыны анық. Бұл жағдайда қоғамның қазіргі даму жағдайындағы мұғалімнің рөлі мен мәртебесін арттыру үшін білім беру процесінің барлық субъектілері арасындағы цифрлық алшақтықты жоюдың тиісті жолдарын табу өте маңызды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/history>
2. Борисова Т.С. Формирование профориентационной компетентности у будущих учителей технологии и предпринимательства в образовательном процессе вуза. // Дисс. на соискание канд., -М., 2008.
3. Оқушылардың кәсіби бағдарда өзін-өзі анықтауы – қоғамдық және тұлғалық қажеттілік пен құндылық. // <https://zkoipk.kz/kz/2015confpisa1/1726-1.html>
4. Махаева О. А., Григорьева Е. Е. Я выбираю профессию: комплексная программа активного самоопределения школьников. М., 2002.
5. Журавлев А.Л., Купрейченко А.Б. Самоопределение молодежи в экономической среде / В сборнике: Психологическая помощь учащейся молодежи в современном изменяющемся мире. Материалы Всероссийской научно-практической конференции. Редсовет: Чернышев А.С., председатель. – Курск, 2006. – С. 126–127.

Сведения об авторе (авторах):

Г.Қ. Бельгибаева¹, **А.А. Толетаева**^{2-1,2} Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

Г.Қ. Бельгибаева¹, **А.А. Толетаева**^{2-1,2} Карагандинский университет им. Е.А. Букетова (Караганда, Казахстан)

G.K. Belgibayeva¹, **A.A. Toletaeva**^{2-1,2} Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Republic of Kazakhstan